

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ЖУРНАЛ

ULAGATTY
USTAZ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі
№ 514 бұйрықпен бекітілген

Желтоқсан айы 2026 жыл | № 12 (53)

Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым

МББ аты: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Ulagatty Ustaz» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»

жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.

Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Астана қаласы Қазақстан Республикасының

Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 ақпандағы

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік

Басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ51VPY00117354 берілген.

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Ulagatty Ustaz» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2026 жыл Телефон: 8 777 087 6843

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

СӘЙДІЛДА СӘУЛЕ УАЙДІЛДАҚЫЗЫ

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы,

«№33 орта мектеп» КММ.

Тарих пәнінің мұғалімі

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару Бүгінгі таңда жүзден астам білім беру технологиялары бар.

Жаңа психологиялық-педагогикалық технологиялардың пайда болуының негізгі себептерінің арасында мыналарды бөлуге болады:

- білім алушылардың психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін тереңірек есепке алу және пайдалану қажеттілігі;
- тиімділігі төмен ауызша сөзді ауыстырудың шұғыл қажеттілігін түсіну
- жүйелі-әрекеттік тәсілмен білім берудің (ауызша) тәсілі;
- кепілдендірілген оқу нәтижелерін қамтамасыз ететін оқу процесін, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестіктің ұйымдастырушылық формаларын жобалау мүмкіндігі.

Қазіргі уақытта “педагогикалық технология” ұғымы әртүрлі түсіндіріледі.

Көп тараған анықтама В.П. Беспалько ұсынған: ол педагогикалық технология оқу мен тәрбие процестерінің (теориялық негізделген) еске түсіру барысында қолданған құралдар мен әдістер жиынтығы, олар білім мақсатын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық технология қол жеткен жетістіктерді сатылы өлшеу мен қорытынды бағалаудың объективті мүмкіншілігін жеткілікті дәрежеде сақтайтын мақсаттары мен тапсырылған оларға сәйкес ғылыми жобалардың болуын қалайды. Бірақ бұл анықтамадағы көрсетілген бір-бірімен тәуелсіз және дербес өмір сүруін оқыту және тәрбие процестері болады деген оймен келісу қиын. Тұлға дегеніміз тұтастай тұратын құрылым, және ол біртұтас педагогикалық процеспен байланысты. (Ильин В.С.), демек педагогикалық технологияда осы педагогикалық процестің басты белгісіне сәйкес болуы керек.

Педагогикалық технологияда берілген басқа да анықтама бар, ол: оқыту процесін жүзеге асырудың мазмұндық техникада (В.П. Беспалько), педагогикалық ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі), оқыту процесін ұйымдастырумен жүргізуді жобалау барысындағы бірлескен педагогикалық іс-әрекетінің моделі (В.М.Монахов), барлық сабақ беру процесін жасаудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдісі, білімді меңгерудегі техникалық және адам және олардың өзара әрекеттерін ескеру (ЮНЕСКО), мазмұнын қорытындылау (Г.К.Селевко). В.Н.Бордовская мен

А.А Реанның көрсетуінше білім беру технологиялары дегеніміз бұл білім беру процесіндегі ұстаздар мен оқушылардың жүйелілік іс-әрекеттеріне, ол мақсат мазмұн әдістерді ұйымдастырудың белгілі бір нақтылы принциптері мен өзара байланыстылығына сай нақталы идея негізінде болады.

Педагогикалық технологияның міндеттері:

- әр түрлі қызмет саласындағы іскерлік пен дағдылардың шыңдау, білімнің тереңдігін, беріктігін арттыру;
- мінез – құлықтағы әлеуметтік құнды әдеттер мен формаларды нығайту және арттыру;
- технологиялық құрал-саймандар мен жұмыс істеуге үйрету;
- технологиялық ойлау дағдыларын дамыту;
- оқу міндеттері мен қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруда

оқыту технологиясы сабақ беру әдістемесімен салыстырғанда, оқушылардың өздерінің іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері және мазмұнын өндіруді көрсетеді.

Олар диагностикалық білім маңыздылығын және оқыту процесінің қасиеттерінің жалпы оқушылардың тұлғасын дамытуға бағытталған объективті бақылауын қажет етеді.

Педагогикалық технологиялар білім мазмұнын саралауды, жеке бағдарлауды, оның белсенділік сипатын, оқу, танымдық, коммуникативті, практикалық, шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыруға, оқушылардың осы іс-әрекеттің тәжірибесін алуға бағытталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырады оқушылардың алған білімдерін, дағдыларын өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Педагогикалық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы – әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету.

Бүгінгі таңдағы білім беру – өсіп келе жатқан ұрпақтың ақыл-ойы мен дамуының, мәдениетінің деңгейін анықтаушы фактор. Білім берудің негізгі мақсатына қатысты қазіргі қоғамда жаңа ұғым пайда болды.

Мұғалім ең алдымен оқушыда өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға ат салысу керек. Өйткені, бұл тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке үйлесуге апаратын сара жол. Бүкіл дүние жүзіндегі болып жатқан осындай құндылықтардың өзгеруі жаңа ғасырға жас ұрпақты дайындау міндетімен байланысты. Біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, ой елегінен өткізе білетін оқушылар керек.

Яғни, оқушылар мағлұматтар мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, осы алған мәліметтері пайдалы болатындай ойланулары керек.

Олар жана идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алулары қажет. Жиырма бірінші ғасырға аяқ басқан жас ұрпақты жарқын болашақта лайықты өмір сүруге жақсылап дайындау білім беру саласында қызмет атқарып жүрген кез-келген маман үшін кезек күттірмейтін мәселе.

Сондықтан баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасауы қажет.

Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей байланысты. Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың қызығушылығы артып, олардың білім деңгейі көтеріліп, сөйлеу мәдениеті қалыптастасады.

Мұғалімдер оқытудың диалогтік әдістерін енгізуге арналған тәсілдерді тиімді педагогиканың бөлігі ретінде қарастырады. Мысалы, жауап алу және топпен жұмыс жасау арқылы. Тиімді педагогиканың басты тәсілі - әр оқушыны жеке тұлға ретінде қарастыру. Мұғалімнің міндеті барлық оқушылардың білім алу, мақсатқа жету мен сынып өміріне қатысу қабілеттерін арттыру үшін оны тұлға ретінде дамытуға ерекше назар аудару болып табылады.

Әңгімелесу мұғалімдер балалардың оқуға деген ынтасын оята алатын пәрменді тетік. Сыныпта диалогті қолдану арқылы мұғалімдер балалардың білім алу сапасына үлкен ықпал ете алады. Балалардың білімі мен идеясын анықтауға бағытталған шынайы әрекет оларды оқыту үдерісіне мейлінше тартуға көмектеседі. Диалогтік әдістерді қолдану саласындағы теориялық білім, оларды жауап алу, шағын топтардағы жұмыс сияқты түрлерде қолдану балалардың білімін жақсартуына мүмкіндік береді.

Оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің рөлі ерекше. Егер де оқушылар көп оқыған, көп білетін адамдар мен және бұл рөлдер де сыныптастарымен мұғалімдері, достары, ата-аналарымен диалог жүргізуге мүмкіндік жасап, сұхбаттасып отырған жағдайларда білім беру жеңілдірек болмақ.

Қазіргі кездің өзінде оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда әкелетініне көптеген дәлелдер бар.

Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруге мүмкіндік береді, әртүрлі пікірлерді оқушылардың түсінуіне көмектеседі, оқушылардың өз ойларын, ұсыныстарын, көзқарастарын дәлелдеуіне көмектеседі.

Мұғалім жағынан білім беру барысында сұрақ қою арқылы оқушылардың білім деңгейін түсінуге мүмкіндік туады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың білім алуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрі бар.

1. әңгіме-дебат
2. топтық әңгіме
3. зерттеушілік әңгіме

Осылардың ішінен мен сабағымда жиі қолданылатыным топтық әңгіме және зерттеушілік әңгіме. Барнс пен Мерсер зерттеушілік әңгіме мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде оларды өзара дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі деп айтқан.

Ендеше, оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың бір тәсілі топтарға берілген ортақ проблемалар арқылы түйінді шешімге келетіні анықталды. Мысалы, мәтіндерді оқып олардың негізгі идеясын анықтауда өзара кеңесіп, талдап, талқылап ортақ шешімге келіп, түсіндірді. Кластерге түсіріп, тақырыптарын қорғады.

Оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың тағы бір тәсілі оқушылардың бір-біріне сұрақ қоюы. Егер де сұрақ дұрыс қойылған болса сабақ берудің, білім берудің тиімді құралына айналып, оқушылардың білім алуына жағдай жасайды.

Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтың екі түрі бар: төмен дәрежелі сұрақ қою және жоғары дәрежелі сұрақ қою болып табылады.

Сұрақты оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкес құр, іс қажет және түрлі мүмкіндіктеріне қарай оқушылардың білім деңгейіне қарай сұрақтарды саралауға болады. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақтар түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сұрақтары болуы мүмкін.

Түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзету үшін қажет. Сұрақты қарапайым етіп қою өткен тақырыпқа оралу ойға салу, дұрысын қабылдап және толық жауап беруге жол сілтейді. Сынақтан өткізу сұрақтары оқушыларға толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз ойын дамытуға көмектесетіндей болып құрылады.

Қайта бағыттау сұрақтары басқа оқушыларға сұрақты қайта бағыттау.

Сабақта диалогты оқыту оқушыларды тақырып бойынша сындарлы сөйлеуге ынталандырады, қызығушылығын анықтайды, білімге деген құштарлығын дамытады, зерттеуге жол ашады, сыни тұрғыдан ойлауға көмек береді, бірін бірін тыңдауға, пікірлерін құрметтеуге, бағалауға, ойларын жинақтауға, саралап қорытындылауға мүмкіндік болады.

Басында қойылатын сұрақтар ғана емес, сонымен оқушылардың жауаптарымен мұқият танысқаннан кейін туындайтын сұрақтың да маңызы зор. Диалогты әңгімеде мұғалім сұрақтары және оларға берілген жауаптар ғана емес, сонымен қатар оқушылардың сұрақтары да маңызды.

Тіл үйренуші үшін диалогтың маңызы өте зор. Күнделікті бала өмірінде жиі қолданыста жүрген сөздерді пайдалана отырып сөйлесу тілді тез меңгеруге мүмкіндік береді. Қазақ тілінде сөйлеуге үйрету сапалы болу үшін диалогты әр түрлі жағдаятта ұйымдастыру керек. Әсіресе, жұп пен жұптың, топ пен топтың арасындағы диалогтарды енгізген ұтымды. Оқушылар тілдесу арқылы ой бөліседі, жөн сұрасады. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамытатын әдістердің бір түрі топтық жұмыс болып табылады.

Бала алдымен тапсырманы жеке орындайды, содан соң жұпта, топта талқылайды. Яғни, олардың шығармашылық белсенділіктері дамиды, өз ойларын толық жеткізуге машықтанады, сөздік қорлары молаяды.

Мұғалім баланың алған білімі жөнінде тереңірек мәлімет ала алады. Диалогтік әдісті жұппен жүргізген тиімдірек пе деп ойлаймын. Жақсы оқитын оқушылар мен нашар оқитын оқушылар бір жұпта жұмыс жасауда нашар оқитын оқушылар жақсы жауап береді. Оқушылар бір-бірін білім

алуға жетелейді. Жұппен талдау жасап болғаннан кейін оқушылар өз түсінгендерін топпен талқылап, өз дәлелдерімен пікір алмасады.

Бұл оқушылардың өзара топтық әңгіме арқылы ой-пікірлерін қалыптастырып, сыни тұрғыдан ойлауын дамытады. Сабақ барысында оқушыларға әр түрлі мазмұндағы сұрақтар қоюға тырыстым. Әсіресе сұрақтардың оқушы ойлауын дамыту мақсатында қойылуына ерекше назар аударамын. Бұл әдісті сабақтың кезеңдерінің барлығынан көруге болады.

Жаңа тақырыпқа көшпес бұрын СТО модулінің «Ой қозғау» әдісі бойынша сұрақтар қойып, жаңа тақырыпты ашуда, бекіту кезеңінде «Блиц» турнир өткізіп, рөлдік ойындар кезінде, бағалау, рефлексия өткізуде сұрақ-жауап әдісі қолданылады.

Сұрақ қою арқылы мұғалім:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады.
- оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды.
- білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады.
- оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі. - оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді.
- оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі.
- оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді.

«Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат» К.Д.Ушинский сөзін ескере отырып, диалогтік тәсілдің оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесетінін түсіндім. Бұл әдіс мұғалімнің жұмысын түбегейлі өзгертеді. Жаңа білім алу үрдісі оқытушы мен оқушыға шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, себебі оқушы білімді өздігінен іздену арқылы алу керек болса, мұғалім оқушының білім алуына себептер, жағдайлар тудыру керек.

Ол үшін мұғалімнің сабақты жан-жақты дайындауы қажет, сабақ үстінде қандай болмасын оқушы тарапынан әртүрлі сұрақтар туындау мүмкін сол жерде мұғалім қажетті бағдар беріп жіберуіне тура келеді. Күнделікті жұмыс нәтижесінде, сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыптасып, білімге құштарлықтары артты, әр күнгі өткізілетін сабақтар балалардың көңіл күйлеріне оң әсерін берді. Ынтымақтаса жұмыс істей отырып, олар бір нәтижеге жетудің маңыздылығын сезінді.

Қорыта келе, оқушылардың білетін, білмейтіндігін анықтау үшін жақсы қарым-қатынас, тілдік дағдыларының болуын талап етеді. Әңгімелесу пәрменді құрал болып табылады, оның көмегімен мұғалім оқушылардың оқу үдерісін қолдай және дамыта алады. Сыныпта диалогті пайдалану арқылы мұғалімдер оқушылардың білім сапасына ерекше оң әсер ете алады.

**Ерекше білім беруді қажет ететін
оқушылармен жұмыс істеудің тиімділігі**

ЖАКИЕВА САНЖАН ӨТЕСІНҚЫЗЫ
Атырау облысы Білім беру басқармасы
Атырау қаласы білім бөлімі
«ЖББ Алмалы орта мектебі» КММ.
Бастауыш сынып мұғалімі

Аннотация

Мақалада ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен (ЕББҚ) жұмыс жүргізудің педагогикалық, психологиялық және әдістемелік негіздері қарастырылады. Инклюзивті білім беру жағдайында тиімді оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ететін негізгі факторлар, заманауи әдіс-тәсілдер мен педагогтің кәсіби құзыреттілігінің рөлі талданады. Сонымен қатар оқыту үдерісін дараландыру, бейімдеу және қолдау тетіктерінің тиімділігі ғылыми тұрғыда негізделеді.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар, даралап оқыту, педагогикалық қолдау, тиімді әдістер.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінің басты басымдықтарының бірі – әрбір баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету. Осы тұрғыда ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс істеу мәселесі өзектілігін арттырып отыр. Инклюзивті білім беру идеясы білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың әлеуетін толық ашуға бағытталады. Сондықтан ЕББҚ оқушылармен жұмыстың тиімділігін арттыру – педагогика ғылымы мен практикасындағы маңызды міндеттердің бірі.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар қатарына денсаулық жағдайына, психикалық даму деңгейіне, эмоциялық-ерік саласына немесе әлеуметтік бейімделуіне байланысты білім алуда қосымша қолдауды қажет ететін балалар жатады. Бұл топтағы оқушылардың танымдық белсенділігі, оқу қарқыны, қабылдау ерекшеліктері әртүрлі болып келеді. Осыған байланысты дәстүрлі оқыту тәсілдері әрдайым тиімді нәтиже бере бермейді.

ЕББҚ оқушылармен жұмыс істеуде ең маңызды қағидат – жеке тұлғаға бағытталған көзқарас. Әр оқушының мүмкіндігі мен қажеттілігіне сәйкес оқу мазмұнын, әдістерін және бағалау жүйесін бейімдеу қажет.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыстың нәтижелілігі бірқатар педагогикалық шарттарға байланысты.

Біріншіден, білім беру ортасының қолжетімділігі мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл физикалық ортаға ғана емес, психологиялық ахуалға да қатысты.

Оқушы өзін қабылданған, түсінілген тұлға ретінде сезінген жағдайда ғана оқу әрекетіне белсенді қатыса алады.

Екіншіден, оқыту үдерісін даралау және саралау маңызды. Даралап оқыту оқушының оқу мүмкіндігіне сай тапсырмалар ұсынуға, оқу қарқынын реттеуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде оқушының оқу мотивациясын арттырады.

Үшіншіден, педагог пен мамандардың (психолог, дефектолог, логопед) өзара тығыз ынтымақтастығы қажет. Кешенді қолдау көрсетілген жағдайда ғана оқушының дамуы тұрақты әрі жүйелі болады.

ЕББҚ оқушылармен жұмыс барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер оқытудың икемділігін қамтамасыз етуі тиіс. Көрнекілікке негізделген әдістер, практикалық әрекет арқылы оқыту, ойын технологиялары және ақпараттық-коммуникациялық құралдар тиімді нәтиже береді. Сонымен қатар қалыптастырушы бағалау әдістерін қолдану оқушының жетістігін үнемі бақылауға және дер кезінде түзету жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді. Бағалау оқушыны жазалау құралы емес, қолдау және ынталандыру тетігі ретінде қарастырылуы қажет.

ЕББҚ оқушылармен жұмыс істеуде педагогтің кәсіби дайындығы ерекше мәнге ие. Мұғалім инклюзивті білім беру қағидаттарын меңгеріп қана қоймай, эмпатия, шыдамдылық және рефлексия дағдыларын дамытуы тиіс. Педагогтің оң көзқарасы мен қолдауы оқушының өзін-өзі бағалауына және әлеуметтік бейімделуіне тікелей әсер етеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс істеудің тиімділігі – жүйелі педагогикалық қолдау, даралап оқыту және қолайлы білім беру ортасын қалыптастырумен тығыз байланысты. Инклюзивті білім беру жағдайында әрбір оқушының әлеуетін дамыту – тек педагогтің ғана емес, бүкіл білім беру қауымдастығының ортақ міндеті. Осы бағытта ғылыми негізделген әдістер мен тәжірибелік жұмыстарды ұштастыру сапалы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін жұмыстың тиімділігі тек мектеп қабырғасындағы педагогикалық әрекетпен шектелмейді. Бұл үдерісте ата-анамен және әлеуметтік серіктестермен жүйелі, мақсатты өзара әрекеттестік шешуші рөл атқарады. Себебі баланың дамуы мен әлеуметтенуі үздіксіз сипатқа ие және отбасы мен мектептің талаптары мен ықпалы өзара үйлесімді болған жағдайда ғана оң нәтиже береді.

Ата-ана – баланың алғашқы және ең маңызды әлеуметтік ортасы. Сондықтан ерекше білім беруді қажет ететін оқушының психоэмоциялық жағдайын тұрақтандыруда, оқу мотивациясын қалыптастыруда ата-ананың қолдауы ерекше маңызға ие. Педагог пен ата-ана арасындағы сенімді қарым-қатынас баланың жеке ерекшеліктерін терең түсінуге, оқу барысында туындайтын қиындықтарды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.

Мұндай ынтымақтастық біржақты ақпарат берумен шектелмей, кеңес беру, бірлескен жоспарлау, ортақ түзету жұмыстары арқылы жүзеге асуы тиіс.

Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, ата-аналарды оқу-тәрбие үдерісіне тарту оқушының жауапкершілігін арттырып, мектепке деген жағымды қатынасын қалыптастырады. Ата-аналарға арналған семинарлар, тренингтер, жеке консультациялар арқылы ерекше білім беру қажеттіліктерінің мәнін түсіндіру, үй жағдайында қолдануға болатын тиімді әдістерді ұсыну баланың дамуына қосымша мүмкіндік береді. Бұл жұмыс ата-ананың педагогикалық мәдениетін арттырып қана қоймай, олардың балаға деген көзқарасын оң бағытта өзгертуге ықпал етеді.

Әлеуметтік серіктестермен өзара әрекеттестік те ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды қолдаудың маңызды тетігі болып табылады. Медициналық мекемелер, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, қоғамдық ұйымдар мен инклюзивті орталықтар баланың дамуын кешенді тұрғыда қамтамасыз етеді. Осындай серіктестіктің нәтижесінде оқушыға көрсетілетін көмек жүйелі сипат алып, білім беру мен әлеуметтік бейімделу арасындағы байланыс нығаяды.

Әлеуметтік ортада өзін еркін сезіну, қарым-қатынас дағдыларын дамыту ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін аса маңызды. Сондықтан мәдени, спорттық, шығармашылық ұйымдармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру оқушының әлеуметтену деңгейін арттыруға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде баланың өзін-өзі бағалауына, қоғамда өз орнын табуына оң әсерін тигізеді.

Осылайша, ата-анамен және әлеуметтік серіктестермен жүйелі әрі мақсатты өзара әрекеттестік ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс істеудің тиімділігін арттыратын маңызды фактор болып табылады. Мұндай кешенді қолдау баланың жеке мүмкіндіктерін толық ашуға, оның білім алу және әлеуметтік бейімделу үдерісін табысты жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс жүргізу барысында оқыту нәтижелерін бағалау дәстүрлі өлшемдермен шектелмеуі тиіс. Инклюзивті білім беру жағдайында бағалау үдерісі оқушының жеке даму динамикасын, оның бастапқы мүмкіндіктерін және қол жеткізген ілгерілеуін ескеруге бағытталуы қажет. Сондықтан бағалау мен мониторинг жүйесі икемді, дамытушылық және қолдаушы сипатта ұйымдастырылады.

Бағалаудың негізгі мақсаты – оқушының жетістігін тіркеу ғана емес, оның оқу үдерісіндегі қиындықтарын анықтау және дер кезінде түзету жұмыстарын жүргізу болып табылады. Бұл тұрғыда қалыптастырушы бағалау ерекше маңызға ие. Қалыптастырушы бағалау арқылы педагог оқушының білімді меңгеру деңгейін үздіксіз бақылап, оқу тапсырмаларын бейімдеп отырады. Мұндай тәсіл оқушыны күйзеліске ұшыратпай, керісінше оның өз мүмкіндігіне деген сенімін арттырады.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды бағалауда сапалық көрсеткіштер басым болуы тиіс. Оқушының оқу әрекетіне қатысу белсенділігі, тапсырманы орындауға деген талпынысы, коммуникативтік дағдылары мен өзіндік жетістіктері бағалау нысанына айналады. Бұл баланың оқу үдерісіне қызығушылығын сақтауға және табысқа жету сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Мониторинг жүйесі оқушының дамуын ұзақ мерзімді бақылауға негізделеді. Жеке білім беру бағдарламасы аясында жүргізілетін мониторинг баланың танымдық, эмоциялық және әлеуметтік дамуындағы өзгерістерді айқындауға мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелері педагогке оқыту стратегиясын түзетуге, қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігін талдауға және ата-анамен бірлескен шешім қабылдауға негіз болады.

Бағалау мен мониторинг үдерісінде мамандардың өзара ықпалдастығы маңызды рөл атқарады. Психолог, дефектолог, логопед және сынып жетекшісінің бірлескен талдауы оқушының дамуындағы жетістіктер мен қиындықтарды жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл кешенді тәсіл оқыту мен түзету жұмыстарының өзара сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Осы бөлімді қорытындылай келе, инклюзивті білім беру жағдайында оқыту нәтижелерін бағалау және мониторинг жүйесі оқушыны қолдауға, оның жеке даму траекториясын айқындауға бағытталуы тиіс. Мұндай бағалау тәсілі ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың білім алу мүмкіндігін кеңейтіп, олардың оқу үдерісіне толыққанды қатысуына жағдай жасайды.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс істеудегі маңызды бағыттардың бірі – олардың әлеуметтік ортаға табысты бейімделуін қамтамасыз ету.

Әлеуметтену үдерісі баланың қоғамда өз орнын табуына, қарым-қатынас дағдыларын меңгеруіне және өзін тұлға ретінде сезінуіне тікелей ықпал етеді. Сондықтан инклюзивті білім беру жағдайында оқушының академиялық жетістігімен қатар, оның әлеуметтік дамуына да ерекше көңіл бөлінуі қажет.

Әлеуметтік бейімдеу ең алдымен мектептегі қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастырудан басталады. Сынып ұжымында өзара сыйластық, түсіністік және қолдау атмосферасы орнаған жағдайда ерекше білім беруді қажет ететін оқушы өзін қауіпсіз әрі сенімді сезінеді. Мұғалімнің, сынып жетекшісінің және қатарластарының оң көзқарасы оқушының ішкі тосқауылдарын азайтып, белсенді қарым-қатынасқа түсуіне мүмкіндік береді.

Оқушылардың әлеуметтенуін қолдауда бірлескен іс-әрекеттердің маңызы зор. Топтық жұмыстар, жұптық тапсырмалар, жобалық қызмет және шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушы қарым-қатынас жасау тәжірибесін жинақтайды. Мұндай әрекеттер барысында бала өз ойын жеткізуге, өзгелерді тыңдауға және ортақ нәтижеге жауапкершілікпен қарауға үйренеді. Бұл дағдылар оның болашақта қоғамда табысты бейімделуінің негізін қалайды.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін әлеуметтік дағдыларды мақсатты түрде қалыптастыру қажет. Қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған тренингтер, рөлдік ойындар және жағдаяттық тапсырмалар оқушының эмоциялық интеллектісін арттырады. Бұл жұмыстар баланың өзіндік бақылауын күшейтіп, өз эмоциясын басқаруға, әлеуметтік нормаларды түсінуге көмектеседі.

Қорытынды

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс істеу – қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды әрі жауапты бағыттардың бірі. Инклюзивті білім беру қағидаттары негізінде ұйымдастырылған педагогикалық үдеріс әрбір баланың жеке мүмкіндігін ескеруге, оның білім алу, даму және әлеуметтену құқықтарын толық қамтамасыз етуге бағытталады. Мұндай көзқарас білім беру мазмұнының сапасын арттырып қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік теңдікті нығайтуға ықпал етеді.

Зерттеу барысында қарастырылған педагогикалық шарттар, әдіс-тәсілдер мен қолдау тетіктері ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыстың тиімділігі жүйелілікке, даралап оқытуға және кешенді қолдауға тікелей байланысты екенін көрсетті. Оқыту нәтижелерін икемді бағалау, үздіксіз мониторинг жүргізу және оқушының жеке даму динамикасын ескеру оның оқу мотивациясын сақтауға және өзіндік сенімін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ата-анамен, мамандармен және әлеуметтік серіктестермен тығыз ынтымақтастық орнату ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды қолдаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл өзара әрекеттестік баланың дамуына бірізді ықпал етіп, мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайтады. Қолайлы психологиялық орта мен әлеуметтік бейімдеу жұмыстары оқушының қоғамға табысты кірігуіне жағдай жасайды. Қорытындылай келе, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс істеудің тиімділігі педагогтің кәсіби құзыреттілігіне, білім беру ортасының қолжетімділігіне және барлық қатысушылардың бірлескен әрекетіне негізделеді. Инклюзивті білім беру жүйесінде әрбір баланың әлеуетін ашу – болашақта әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, белсенді тұлға қалыптастырудың берік негізі болып табылады.

Мектеп театры – шығармашылық пен тәрбиенің алтын көпірі

ХИЗИРБЕК ГАУКАР
Ақмола облысы, Целиноград ауданы
Қоянды ауылы мектеп-лицейінің
Бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушының жан-жақты дамуына ерекше мән берілуде. Осы мақсатта білім ордамызда өнерге баулитын түрлі үйірмелер, шығармашылық топтар жұмыс істейді. Соның ішінде мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Хизирбек Гаухар ұстазымыздың жетекшілігімен ұйымдастырылып келе жатқан “Harry Dream” мектеп театрының жұмысы ерекше маңызға ие тәрбие және білім беру құралы.

Мектеп театрын ашудың басты мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, оларды сахна өнері арқылы көркемдік талғамға, адамгершілікке тәрбиелеу.

Театр – оқушының ішкі жан дүниесін оятып, ойлау қабілетін арттыратын, сезім әлемін байытатын рухани орта. Мектеп театры – тек өнер ошағы ғана емес, ол – тәрбие мен білімнің үндестігін қамтамасыз ететін құнды орта. Оның ашылуы – мектеп өміріне тың серпін беріп, оқушылардың рухани өсуіне жол ашады.

Театр арқылы жас ұрпақтың бойына ұлттық рух, мәдени таным және адами асыл қасиеттер дариды. Сондықтан да мектеп театры – болашақтың жарқын тұлғаларын тәрбиелейтін рухани шеберханасы. Мектебіміздің “Harry Dream” театр үйірмесінде 27 оқушы бар. 5-6 сынып оқушылары бастауыш сынып оқушыларына арнап “Ертегілер еліне саяхат” атты қойылымдар қойып, кішкентай көрермендер жүрегінен орын алып отыр. Ал, 8-9-10 сынып оқушылары ауқымды мағыналық жағынан терең, күрделірек романдардан үзінді қойылымдар қоюда.


Атап айтсақ, Дулат Исабековтың “Біз соғысты көрген жоқпыз...” атты романынан қойылым қойды. Мектеп театрында қойылым қою – тек дайындық пен сахналық шеберлікті меңгеру ғана емес, ол – нағыз рухани саяхат. Бұл үрдіс оқушылар үшін ерекше әсер мен сезімге толы кезең болып табылады. Әр рөл, әр сахна, әр дайындық сәті – олардың өмірінде ұмытылмас естелікке айналады.

Театрлық жұмыстар оқушылардың ұжыммен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады. Бір қойылымды сахналау үшін балалар бірігіп дайындалып, әркім өз рөлін жауапкершілікпен атқарады. Бұл – ынтымақтастық пен ұйымшылдыққа үйретудің тамаша жолы. Мектеп театрында қойылатын пьесалар көбінесе тәрбиелік мәнге ие.

Мейірімділік, әділеттілік, үлкенге құрмет, еңбекқорлық сынды адамгершілік құндылықтар сахна арқылы көрерменге жеткізіледі. Мұндай қойылымдар тек оқушылар үшін емес, ата-аналар мен мұғалімдер үшін де пайдалы. Мектеп театрлары әдебиет пен өнерге деген сүйіспеншілікті оятады. Бұл – жас ұрпақты рухани тұрғыда байыту жолы.

“Нарру dream” театры – оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін, өнер мен тәрбиені қатар ұштастыратын бірегей алаң.


Театр арқылы бала жүрегі мен санасына жол тауып, оның өмірге деген көзқарасын оң бағытқа өзгертуге болады. Сол себепті мектептегі театр үйірмелерін дамыту – келешекке салынған рухани инвестиция деуге толық негіз бар.



УТЕПБАЕВА ИНДИРА РАТБЕКОВНА
Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы
№4 "Үміт" арнайы мектеп-интернатының
бастауыш сынып мұғалімі

| | | | | |
|--|---|--|--|-----------------------|
| «Ерекше қажеттіліктері бар балалармен ойын және арт-терапия әдістері» атты авторлық бағдарламадан қысқа мерзімді жоспар құрастырған Утепбаева Индира Ратбековна / Жамбыл облысы, 2025. | | | | |
| Білім беру ұйымының атауы | 4 “Үміт” мектеп-интернаты | | | |
| Пәні: | Математика | | | |
| Педагогтің аты-жөні: | И.Утепбаева | | | |
| Сабақтың тақырыбы: | 4 және 5 сандары. Түрлі-түсті моншақтар | | | |
| Сабақтың мақсаты | 4 және 5 сандарын таныту, моншақтар арқылы санауды және салыстыруды үйрету, түстерді ажырату, ұсақ моториканы, зейінді және ауызша сөйлеуді дамыту | | | |
| Құндылық: (Негіздеме: Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың II,III, IV отырыстарында берген тапсырмасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №123 бұйрығы) | "АДАЛ АЗАМАТ" ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ Астана, 2025 БАҒДАРЛАМАСЫ БІРТҮТАС ТӘРБИЕ Қаңтар айы: Заң және тәртіп Апта дәйексөзі: «Талап бар жерде тәртіп бар» | | | |
| Сабақтың барысы | | | | |
| Сабақтың кезеңі// уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы 5 минут | Психологиялық ахуал. «Моншақпен амандасу» ойын-жаттығуы. Нұсқау: «Қолыңа бір моншақ ал. Ол қандай түсті? Біз бүгін моншақтармен санаймыз». Сабақ тақырыбын түсіндіреді: «Бүгін 4 пен 5 сандарын түрлі-түсті моншақтармен үйренеміз». | Моншақты ұстап, түсін айтады, мұғалімді тыңдайды, сабаққа назар аударады | Қолдаушы бағалау. Ауызша мадақтау, эмоционалдық қолдау. Түрлі-түсті моншақтар ҚБ. «Чупа чупс» әдісі | Түрлі-түсті моншақтар |

| | | | | |
|---------------------------------|--|--|---|--|
| <p>Негізгі бөлім (35 минут)</p> | <p>тапсырма. «Моншақты сана» ойыны. Нұсқау: «Алдыңдағы моншақтарды бірбірлеп санап көр». Сұрақтар: «Неше моншақ бар? Бұл 4 пе, 5 пе?»</p> | <p>Моншақтарды қолымен ұстап, бірбірлеп санайды, «төрт», «бес» деп жауап береді.</p> | <p>Формативті бағалау – бақылау. Дескрипторлар Заттарды бір-бірлеп санайды; 4 және 5 сандарын ажыратады; 3) Дұрыс атайды.</p> | <p>Моншақ санау табақшасы</p> |
| <p>Сергіту сәті</p> | <p>тапсырма. «Тізбек құрастыр» (арттерапия) . Нұсқау: «4 моншақтан бір тізбек, 5 моншақтан бір тізбек жаса». Сұрақ: «Қай тізбек ұзын?»</p> <p>тапсырма. «Түсті таңда» кіріктірілген ойыны (математика + қазақ тілі). Нұсқау: «Қызыл моншақтан 4-еуін, көк моншақтан 5-еуін таңда». Сұрақтар: «Неше қызыл? Неше көк?»</p> <div data-bbox="395 1648 842 1883" data-label="Image"> </div> | <p>Моншақтарды жіпке тізеді, салыстырады, «5 моншақ ұзын» деп айтады</p> <p>Түстерді ажыратып, санайды, жауап береді: «Төрт қызыл, бес көк»</p> <p>Жаттығу жасайды</p> <p>Қосу әрекетін бақылайды,</p> | <p>Критерий арқылы бағалау. Дескрипторлар : 4 және 5 моншақты дұрыс тізеді; 2) Салыстырады; Ауызша бағалау. Дескрипторлар : Түсті ажыратады; Санайды; Сөзбен айтады.</p> <p>Қимыл және ауызша жауап</p> | <p>Жіп, моншақтар</p> <p>Түрлі түсті моншақтар</p> <p>Әуен</p> <p>Моншақ</p> |

| | | | | |
|---|--|---|--|--|
| <p>Сабақтың соңы (5 минут)</p> <p>Кері байланыс</p> | <p>ойыны. Нұсқау: «4 моншақ тұрған жерге тағы біреуін қоссам, нешеу болады?» Сұрақ: «Қай сан шықты?»</p> <p>«Моншақ таңда» әдісі. Нұсқау: «Егер 4 пен 5 сандарын ажырата алсаң – екі моншақ ал, әлі қиын болса – бір моншақ ал». Қорытынды сұрақтар: «Бүгін қандай сандарды үйрендік? Қайсысы көп?»</p>  <p>«Данышпан үкі» кері байланысы</p> | <p>санайды, «бес болды» деп жауап береді.</p> <p>Моншақ таңдайды, сұрақтарға жауап береді: «4 және 5», «5 көп»</p> <p>Кері байланыс жасайды</p> | <p>арқылы бағалау. Дескрипторлар :</p> <p>1) Өзгерісті байқайды; 2) Санын дұрыс атайды. Рефлексиялық бағалау. Оқушы таңдауы мен жауабына сүйеніп кері байланыс беру.</p> <p>«Данышпан үкі» әдісі</p> | <p>Моншақ</p> <p>Кері байланыс тақтасы</p> |
|---|--|---|--|--|

Үйірме -өнер бастауы

КУНАФИНА САУЛЕ САНАКБЕКОВНА **Абай облысы білім басқармасының** **Ақсуат ауданы бойынша білім бөлімінің** **«Қожагелді батыр атындағы орта мектебі» КММ**

Мақсаты: Ата-анаға үйірмеде баланың өнері, шеберлігі, әр түрлі материалдарды қолданып, бұйымдар жасауда топтық және жеке жұмыстарды орындауда қолды жаттықтыру, икемділік, бейімділігін меңгерту жайлы түсінік қалыптастыру.

Көрнекілігі: Слайд көрсету, балалардың қолдан жасаған шығармашылық туындылары, сұрақ-жауаптары

Әдісі: Ауызша әңгімелеу.

Кіріспе Қайырлы күн құрметті ата-аналар! Өзімді таныстыру кетейін, менің аты жөнім Кұнафина Сауле Санақбекқызы қосымша білім беру педагогі, үйірмеден сабақ беремін.

Қыздар және ұлдар қатысатындықтан, үйірме екі топтан тұрады
Топ аттары: 1. «Шығармашылық туындылар»
2. «Шебер қолдар» деп аталады

Үйірме дегеніміз-өнер бастауы және баланың сыныптан тыс бос уақытын тиімді пайдалануы. Бұнда көбіне қол жұмыстары мен қол моторикасының дамуы халық қолөнерін дәріптеп, өз қолымен жасап үйренуге бейімделеді. Салт-дәстүріміз ғасырдан ұрпаққа жалғасып келе жатқан, ірі рухани мәдениет үлгісі ретінде сақталған. Ұл балалар арқан, жіп тоқып, қамшы өреді

Ұлттық ойындар ойнайды. Асық ату, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы домино, т.б. сурет салу, көрме жасау. Ал қыз балалар құрақ құрау кесте тігу, сәндік бұйымдар жасайды. Дорба, алжапқыш тігу, қағаз қималарынан гүл шоқтарын жасау. Апликация-қиып алған материалды немесе бөлшектерді фонға жапсыру. Бисермен жұмыс- ұсақ моншақтар мен жапсырмалап жасау. Мозайка әр түрлі ұсақ тастардан әйнек, шыны қағаз қиықтары сияқты заттардан заттардан өрнектеп жасайды. Ермексаздан әр түрлі бейнелер мүсіндеу жұмыстарын жасайды. «Ашық хат» жасау сыртқы бетін сәндеу арқылы жапсырып жасайды. Сіздерге айтарым, осындай қолөнерге қатысып, қоғамны пайдалы еңбектеріне белсенді араласып отыруын, қолдап отырыңыздар.

Қорытындылау: Ата-аналармен «Жалғасын тап» ойыны.
Номерленген асықты шашып, сол номер бойынша сұраққа жауап және мақалды табу.

1. Балаңыздың өнерге немесе бір іске қызығушылығы бар ма? 2. «Бұлақ көрсең көзін аш»
3. «Білім-жанып тұрған шырақ»
4. «Шебер көп жерде- өнерде көп»
5. Қазақтың ұлттық ойындарын атаңыз?
2.
3. Марапаттау: Үйірмеге белсенді қатысып, өз шеберлігі мен өнері үшін Байғали Баян және Нұрмұханбет Серікбол марапатталады.

МАЗМҰНЫ

- ✧ СӘЙДІЛДА СӘУЛЕ УАЙДІЛДАҚЫЗЫ
- ✧ ЖАКИЕВА САНЖАН ӨТЕСІНҚЫЗЫ
- ✧ ХИЗИРБЕК ГАУҚАР
- ✧ УТЕПБАЕВА ИНДИРА РАТБЕКОВНА
- ✧ КУНАФИНА САУЛЕ САНАКБЕКОВНА